

"Каскор" акционерлік компаниясының тау-кен қайта өңдеу кешенін консервациялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 ақпандағы N 113 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Уран рудасын өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды қайта бастаудың экономикалық орынсыздығынан "Каскор" акционерлік компаниясының тау-кен-қайта өңдеу кешенін консервациялау жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Каскор" акционерлік компаниясының Меловое және Тоқмақ кен орындарында уран рудасын өндіруді және қайта өңдеуді тоқтату туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен 1998 ж ы л ы :

жұмыс істеген кен орындарының карьерлерін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің бірыңғай Мемлекеттік жер қойнауын қорына беруді;

Пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды таратудың және консервацияның тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес N 3 және 5 карьерлерді консервациялау режиміне дайындауды;

өндірістің тау-кен, байыту, химиялық-металлургиялық және басқа да түрлері қалдықтарының барлық техногендік минералдық түрлерін Қазақстан Республикасының минералдық шикізаттарды өндіру және қайта өңдеу қалдықтарын және қалдықтарды көмудің кадастрын жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес төлқұжаттандыруды жүзеге асыруы тиіс жұмыс к о м и с с и я с ы н қ ұ р с ы н .

3. Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігімен келісім бойынша тау-кен өндірілген жерлерді қосымша рекультивациялаусыз қабылдасын.

4. Маңғыстау облысының әкімі Қазақстан Республикасының Экология және

табиғи ресурстар министрлігімен және Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп, үш айлық мерзім ішінде, тоқтатылған карьерлердің ішкі ұңғыларының аумағында уытты және радиоактивті қалдықтарды көму (сақтау) үшін полигондар құру жөнінде ұсыныс енгізісін.

5. Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп, бір айлық мерзім ішінде, жылдар және шығындардың тізбелері бойынша бөлу арқылы консервациялаудың бүкіл кезеңіне арналған "Каскор" акционерлік компаниясының объектілерін консервациялау жөніндегі шараларды жүргізуге арналған қажетті қаражаттың мөлшерін айқындасын.

6. "Каскор" акционерлік компаниясының негізгі қаражатты, оның ішінде тау-кен өндіруші жабдықтарды, көмекші тетіктерді және басқа да жабдықтарды объектілерді консервациялауға арналған шығындарды өтеудің есебіне сату туралы ұсынысына келісім берілсін.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті бір айлық мерзім ішінде комиссиялық түрде сатуға жататын жабдықтар мен материалдардың тізбесін айқындасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі